

**Күлкі күніне арналған Мартбек Тоқмырза атындағы  
«Жымиясың сен неге?» атты облыстық әзілкештер  
фестиваль-байқауының  
Е Р Е Ж Е С І**

**Мақсаты мен міндеттері**

Жастар саясатын іске асыру, Ұлттық тәрбие мен мәдени құндылықтарды дәріптеу, дарынды жастардың шығармашылық әлеуетін жоғарылату, облыста сатира жанрын және оның қолдану аясын кеңіту үшін әрі қазақ сатирасында өзіндік қолтаңбасы бар Мартбек Тоқмырза есімін ел есінде сақтау мақсатында «Жымиясың сен неге?» атты облыстық әзілкештер фестиваль-байқауы өткізіледі.

**Фестивальдің өткізілу шарттары**

«Жымиясың сен неге?» атты облыстық әзілкештер фестиваль-байқауы 2025 жылдың **1 сәуір күні** Қарағанды қаласында Достық үйінде (Кеншілер даңғылы, 64) өтеді.

Фестивальге Қарағанды облысының қалалары мен аудандарының мәдениет бөлімдері, аудандық мәдениет үйлері, мәдени сауық орталықтары, жоғары оқу орындарының және колледждердің құрамалары қатыса алады. Қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды. «Көңілді тапқырлар» кезеңі бойынша плагиатқа және белден төмен әзілдерге қатаң тыйым салынады.

**Фестиваль екі номинация бойынша өткізіледі**

1. **«Әзілге толы әңгіме»** кезеңі. Бұл сайыста қатысушы жалғыз адамның орындауындағы монолог, стендап, анекдот, пародия, әзіл ән және т.б. ұсына алады. (3 минут)
2. **«Көңілді тапқырлар»** кезеңі. (*КВН тілімен – Сәлемдесу*)  
Бұл сайысқа түсетін топтар қоғамда болып жатқан мәселелерді әзіл арқылы жеткізе білуі қажет. (5 минут)

Авторлық құқықтың қорғалу мақсатында «Әзілге толы әңгіме» номинациясы бойынша еркін тақырыптағы шығарманың авторын көрсету қажет. Құраманың аты мен өтінішін міндетті түрде жіберу керек. Көріністер мемлекеттік тілде қойылады.

**Бағалау шарттары**

- Әзілдің өтімділігі;
- Актерлік шеберлік;
- Сахналық мәдениет;
- Сахналық имидж;
- Сөйлеу мәдениеті.

## Ынталандыру

Қазылар алқасының шешімімен I, II, III орындар екі номинацияға жеке-жеке анықталып, қатысушыларға дипломдар мен ынталандыру сыйлықтары табысталады.

## Қосымша мағлұматтар

Іс-сапар шығындары жіберуші есебі тарапынан.

Фестиваль-байқауға дейін әзілдерді көру редакторлық жұмыстары жүргізіледі. Редакторлық жұмыстарға барлық әзілкештердің қатысуы міндетті. Келмеген жайғдайда ұйымдастыру алқасы қатыстырмауға құқылы.

Өтініштерді 2025 жылдың наурыз айының 26 жұлдызына дейін төменде көрсетілген мекен-жайға жіберу қажет:

100008, Қарағанды қ. Бұқар жырау даңғылы, 32 үй, Телефон/факс 8(7212) 425033. E-mail: [karonmc@mail.ru](mailto:karonmc@mail.ru)

## Мартбек Тоқмырза атындағы «Жымиясың сен неге?» атты облыстық әзілкештер фестиваль-байқауына Ө Т І Н І М

№	Атауы	Ақпарат
1.	Аты-жөні ( <i>топтың және топ капитанының аты-жөні</i> )	
2.	Туған күні, айы, жылы	
3.	Қала, аудан атауы	
4.	Оқу немесе жұмыс орны	
5.	Байланыс телефоны	
6.	Номинация атауы	
7.	Авторлары көрсетілген шығарманың атауы ( <i>топқа қажет емес</i> )	
8.	Қатысушының кәсіби суреті	
9.	Наурыз айының 26 жұлдызына дейін <a href="mailto:karonmc@mail.ru">karonmc@mail.ru</a> почтасына осы өтінімді толтырып жіберіңіз.	